

8D07201 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Турдиева Жанель Асхатовнаның «*Ferula songarica* эфир майы негізіндегі зеңге қарсы гельді алу технологиясын жасау» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, биология ғылымдарының кандидаты, профессор Ишмуратова Маргарита Юлаевна

ШКІРІ

Турдиева Жанель Асхатовна 2021 жылы «Қарағанды медициналық университеті» КеАҚ 8D07201 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға түсті. Диссертация тақырыбы: «*Ferula songarica* эфир майы негізіндегі зеңге қарсы гельді алу технологиясын жасау». Ұсынылған тақырып қазіргі фармацевтикалық ғылымның басым бағыттарына сәйкес келеді, себебі зерттеу барысында өсімдік шикізатынан алынатын биологиялық белсенді қосылыстарды тиімді пайдалану мәселесі қарастырылып, *Ferula songarica* эфир майы негізінде жұмсақ дәрілік форманы алудың ғылыми-тәжірибелік негіздері қалыптастырылған.

Диссертациялық зерттеу барысында докторант *Ferula songarica* өсімдігінің жерасты бөлігінен алынған эфир майының физика-химиялық қасиеттерін жан-жақты зерттеп, оның негізінде зеңге қарсы әсері бар гель түріндегі дәрілік форманы әзірлеудің ғылыми негізделген технологиясын ұсынды. Жұмыста композициялық құрамды таңдау, көмекші заттардың әсерін бағалау, реологиялық көрсеткіштерді анықтау, босап шығу кинетикасын зерттеу және дайын өнімнің тұрақтылығын талдау кешенді түрде жүргізілген.

Турдиева Ж.А. зерттеу бағдарламасын дербес құрып, тәжірибелік жұмыстарды кезең-кезеңімен жүзеге асырды. Эксперименттік нәтижелерді өңдеу барысында заманауи статистикалық әдістерді қолданып, алынған деректердің сенімділігі мен қайталанғыштығын қамтамасыз етті. Зерттеу нәтижелері жүйеленіп, ғылыми негізделген қорытындылар жасалған.

Диссертациялық зерттеу жүргізу кезеңінде Турдиева Ж.А. жарияланған ғылыми еңбектердің ауқымды көлеміне жан-жақты талдау жасады, зерттеу материалдарын дербес жинақтап, өңдеп және жүйеледі, зерттеу әдістемелерін толық меңгерді. Жұмыс нәтижесінде ғылыми тұрғыдан маңызды нәтижелерге қол жеткізіп, алынған деректерді қорытындылап, зерттеу нәтижелері негізінде дербес ғылыми тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар әзірледі.

Зерттеу нәтижелері бойынша 9 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде: Scopus дерекқорына кіретін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдағы мақала - 2 (қосымша Г); ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдардағы мақалалар - 2; тезистер және Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардағы мақалалар (Ресей, Қазақстан) - 4; пайдалы модельге патент - 1.

Турдиева Ж.А. диссертациялық зерттеу жұмысын толық аяқтап, қойылған міндеттерді орындап, зерттеу мақсатына толықтай қол жеткізді.

